

Илияс Есенберлин 100 жаста

Тарих толқынында

лалар үйінің қабырғасында өтеді. Дегенмен, «Жетім қозы маңырар, маңырар да оттығар» демекші, жастайынан шығармашылыққа жақын болғандықтан ол мектепте жүргенінде-ақ қабырға газетіне өлең жазып тұрған екен. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Қызылорда қаласына барып, интернатқа мұғалім болады, көп ұзамай Қарсақпайдағы аудандық атқару комитетінде жұмысқа тұрады. Жұмыс істей жүріп, Алматыдағы Қазақ тау-кен институтына түсіп, инженер мамандығын алады. Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер жазушы.

«Мен алдыменен материал жинаймын. Деректер іздеймін. Айғақты уақиғаларды қараймын. Халық фольклорына сүйенемін. Жазба бетінде қандай шығармалар бар, соның барлығын қолым жеткен жерге дейін зерттеймін, оқимын, бірімен бірін салыстырамын. Осылай дайындаймын. Материал дайындалғаннан кейін алдымен ойға салып, бір жыл өте ме, көп жыл өте ме, мыма өзім жазамын. Не туралы болу керек, асыл арманың не еді осы кітапты жазғанда, нені көтергің, нені ашып айтқың келеді? ...Тереңдеп ізденіп, өз ақылмның жеткен жеріне шейін жазамын» депті ол өзі жайында.

Илияс Есенберлин осы принципті ту етіп ұстап, ғылымда да сол уақытқа дейін терең сараланып бітпеген тарихтың қос қыртыс қатпарларына қазақ қаламгерлерінің ішінде тұңғыш рет қаламгер көзімен сахат жасап, оқырман назарын көне тарихтың әлі ашыла қоймаған тың беттеріне аударады. Қазақ романдары ішіндегі ең көрнекті шығармалардың көшінде жүрген «Көшпенділер»

романы соның айғағы болса керек. «Көшпенділер» трилогиясы — партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген шығарма.

Трилогияның «Қаһар» атты кітабында І. Есенберлин XIX ғ. 30-40 жылдарындағы Кенесары Қасымов бастаған Ресей отаршылдығына қарсы қозғалыстың жай-күйін әңгімелейді. Мұнда жазушы жұртқа бұрыннан белгілі тарихи оқиғаларды тізе отырып, ондағы адамдардың күйініс-сүйінішімен, арман-өкінішімен, мұратымен, кейіпкерлер тағдырымен байытып көрсетеді. «Қаһарда» қазақ даласында тәуелсіз хандық орнатуды мақсат еткен Кенесарының қол жнып күреске шығуы, тәуелсіздік үшін күресті қолдамаған сұлтандарға және патша бекіністеріне шабуылы, Кенесарының билікке қол жеткізу үшін патша өкілдерімен келіссөздер жүргізуі, талабы өтпеген жерлерде халық қанының төгілуімен есептеспей,

«І.Есенберлин қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқының төрінен лайықты орын алатын дара тұлға...»
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



Үстіміздегі жылы айтулы даталарға толы екені мәлім, олардың қатарында Қазақ хандығының 550 жылдығы бар. Бүгінгі әңгіме биыл туғанына 100 жыл толып отырған жазушы Илияс Есенберлин өмірі мен шығармашылығы жайында болмақ. Өйткені, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп, яғни жалпы саны он жеті роман жазған жазушы Илияс Есенберлиннің қаламынан туған «Өзен жағасында» (1960), «Толқиды Есіл» (1965), орыс тілінде жазылған «Адам туралы ән» (1957) атты повестері, «Айқас» (1966), «Қатерлі өткел» (1967), «Ғашықтар» (1968), «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1971), «Алтын құс» (1972), «Жанталас» (1973), тың туралы «Көлеңкемен қорғай жүр» (1974) романдары, «Көшпенділер» трилогиясы (1976), «Алтын Орда» трилогиясы (1982-1983), «Махаббат мейрамы», «Алыстағы аралдар» (1983), «Аққу құстың қуанышы» (1984) романдары, шығармаларының он томдық жинағы (1984-1990) оқырмандардың сүйікті шығармаларына айналды.

Илияс Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда қазіргі Ақмола облысы, Атбасар қаласында туған. Жазушының балалық шағы аштық жалмаған зұлмат заманға тап келіп, ол бес жасында ата-анасынан айырылып, ендігі тағдыры ба-



күш қолданылатын істерге баруы баян етіледі. Кенесары дұшпандарының ұйымдасқан іс-әрекеттері, сан алуан адам мінездері көрсетіледі. Сонымен қатар І.Есенберлиннің нағыз жазушылық орнын белгілеген шығармалары — «Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас» атты тарихи романдары. Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі. Жазушы өзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің ХУ-ХІХ ғасырлардағы тәуелсіздік үшін таңданы күресін көркем суреттейді. Осы жолдағы қыруар қиындықты, ішкі қайшылықтарды, адами қатынастарды, олардың әрекеті мен мінез-құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетеді.

Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қаламгер қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасайды.

Міне, осыдан-ақ жазушының тұлғасын тереңірек тануға болады. Олай болса, І.Есенберлиннің 100-ге толуына орай қаламыздағы № 1 кітапхана филиалы үлкен шара өткізіп, оған мектеп оқушыларын қатыстыруы дер кезінде қолға алынған іс деуге болады. Оқушыларға жазушының өмір жолы мен шығармашылығы жайында толық деректер айтылды, сондай-ақ викториналық сұрақтарға жауаптар қайтарып, таным көкжиектерін кеңейтті. Кітапханада кітап көрмесі жиналғандарға ерекше әсер қалдырды.

**Махфуза ҚАПЫШҚЫЗЫ,
№ 1 кітапхана филиалының
кітапханашысы**